

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛАЫҚ



Президент
Республики Казахстан

ҮКАЗ

Казақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

**Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы»
2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 және «Қазақстан Республикасы
Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау,
келісу, кол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері
мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және
Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік күқықтық
жарлықтарына мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы»
2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 жарлықтарына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 12-13, 116-құжат, 2009 ж., № 24-25, 207-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 10-11, 125-құжат; № 52, 710-құжат);

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеде:

32-тармакта:

1) тармақша мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларына;»;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әкімшіліктің Басшысы осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7)
тармақшаларында көзделген өкілеттіктерге ие болады.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтын, 1) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерге: Әкімшілік Басшысының орынбасарлары, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы, Президенттің көмекшілері, Президент Кеңесінің бастығы, Президенттің кеңесшілері ие болады.»;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 28, 215-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу ережесінде:

17-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті актісінің жобасы бойынша қарсылықтар болмаған жағдайда Президент Әкімшілігінің бірлесіп орындаушы болып табылатын құрылымдық бөлімшелерінің сараптамалық қорытындылар дайындауы талап етілмейді, олардың сараптамаларының нәтижелері Қазақстан Республикасының Президенті актісінің жобасына Президент Әкімшілігінің жауапты лауазымды адамдарының бұрыштама қоюы арқылы ресімделеді.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Президент Әкімшілігі Қазақстан Республикасының Президенті тапсырмасының жобасы түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қаралуын, оның ішінде осы Ереженің 28-тармағына сәйкестігі тұрғысынан қаралуын, сондай-ақ оның Президенттің бұрын берілген тапсырмалармен қосарлануын болдырмауды қамтамасыз етеді және он қорытынды болған жағдайда Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға енгізеді. Теріс қорытынды болған жағдайда ескертулермен қатар, қажет кезде, қойылған мәселелерді шешудің нақты ұсыныстары мен тетіктері көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 46-1, 46-2, 46-3 және 46-4-тармақтармен толықтырылсын:

«46-1. Қазақстан Республикасы Президентінің кешенді және ведомствоаралық сипаты бар, орындалу мерзімі алты айдан астам актілері мен тапсырмаларын орындау екі және одан да көп мемлекеттік органдың құзыреті шегінде оларға жүктелген, сондай-ақ қандай да бір саладағы/ортадағы/өнірдегі

тәсілдердің, нормалар мен қағидалардың жаңаларын қалыптастыруға және іске асыруға не колданыстағыларын өзгертуге бағытталған жағдайда:

1) Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшесі жеті жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларын орындау тұжырымдамасын әзірлейді және қажет болған жағдайда орындаушы мемлекеттік органмен келіседі.

2) Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларын орындау тұжырымдамасының негізінде орындаушы мемлекеттік орган тұжырымдама бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы Ережеге 1-1-косымшаға сәйкес нысан бойынша үйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) әзірлейді.

Бұл ретте іске асырылуы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмалары бойынша үйымдастыру іс-шараларының жоспары (жол картасы) әзірленбейді.

46-2. Үйымдастыру іс-шараларының жоспарында (жол картасында) Қазақстан Республикасы Президентінің актісін немесе тапсырмасын орындау мерзімі айқындалып, сондай-ак орындау нәтижелерінің мақсатты және сапалық-сандық көрсеткіштері көрсетіліп, орындаушы мемлекеттік орган мен бірлесіп орындаушылардың іс-қимыл жасау тәртібі қамтылады.

Әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін немесе Үкімет құрылымына кірмейтін орталық мемлекеттік орган болып табылатын үйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) оның бірінші басшысы Президент Әкімшілігімен, сондай-ак егер үйымдастыру іс-шараларының жоспары (жол картасы) Үкіметтің өкілеттігіне қатысты болған жағдайда Премьер-Министрмен (не оның міндетін атқаратын адаммен) немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адаммен келісілгеннен кейін бекітеді.

Әзірлеушісі өзге, орталық немесе жергілікті атқарушы орган (үйым) болып табылатын үйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) Премьер-Министр (оның міндетін атқаратын адам) немесе ол уәкілеттік берген Премьер-Министрдің орынбасары Президент Әкімшілігімен келіскен сон бекітеді.

46-3. Үйымдастыру іс-шараларының жоспары (жол картасы) қабылданған жағдайда, мемлекеттік органдардың осы Ереженің 47-тармагында көзделген Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларын іске асыру жөніндегі үйымдастыру іс-шараларының жоспарларын бекітуі талап етілмейді.

46-4. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларын орындау тұжырымдамасын және үйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол

картасын) жасау тәртібі мен онын мазмұнына койылатын талаптарды Президент Әкімшілігі айқындауды.»;

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (жол картасы) болмаған жағдайда, орындаушы мемлекеттік органның (ұйымның) бірінші басшысының шешімімен кәжет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларын іске асыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары бекітіледі.»;

мынадай мазмұндағы 47-1-тармақпен толықтырылсын:

«47-1. Үкімет орындаушысы болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларын орындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралар жоспарын жасау кезінде олардың орындалуын Премьер-Министрдің тиісті орынбасарының үйлестіруі көзделеді.»;

мынадай мазмұндағы 49-1-тармақпен толықтырылсын:

«49-1. Осы Ереженің 39-тармағында көрсетілген бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдардың (ұйымдардың) лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының сапасыз орындалуына және уақтылы орындалмауына дербес жауапты болады.»;

мынадай мазмұндағы 50-1 және 50-2-тармақтармен толықтырылсын:

«50-1. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының іске асырылу барысы туралы Президент Әкімшілігіне Үкімет жіберетін ақпаратқа, оларға Қазақстан Республикасының Президенті не Президент Әкімшілігінің Басшысы берген тапсырмалар бойынша, Премьер-Министрдің тиісті орынбасары немесе Премьер-Министр Кенсесінің Басшысы қол қояды.

50-2. Қазақстан Республикасының Президентіне Үкімет жіберетін Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалу жай-күйі туралы қорытынды ақпаратта Премьер-Министр (оның міндетін атқарушы адам) немесе оның орынбасары қол қояды.»;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың іске асырылу барысы туралы есептік ақпарат Президент Әкімшілігіне «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен белгіленген нысан бойынша және мерзімде беріледі.»;

52 және 53- тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Егер Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің және/немесе тапсырмаларының тармақтарын белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмаған жағдайда, онда орындаушы мемлекеттік органның (ұйымның) басшысы, ал егер Үкіметтің өкілеттігі қозғалған жағдайда – Премьер-Министрмен (оның міндетін атқарушы адаммен) немесе оның орынбасарымен келіскеннен кейін белгіленген мерзімнен кешіктірмей,

Президент Әкімшілігіне орындаудың ағымдағы жай-күйін көрсете отырып, орында мерзімін ұзарту не оны орта мерзімді немесе ұзак мерзімді бақылауға ауыстыру қажеттілігіне дәлел келтірілген негізdemемен хат енгізеді. Бұл ретте нақты орындау мерзімі, орындаушы мемлекеттік органның, сондай-ақ бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдардың жауапты саяси мемлекеттік қызметшілері және ұйымдардың лауазымды адамдары көрсетіледі.

53. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері және/немесе тапсырмалары тармақтарының орындалу мерзімін ұзартуға не оларды орта мерзімді немесе ұзак мерзімді бақылауға ауыстыруға Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Президент Әкімшілігі Басшысының шешімі бойынша Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесінің сараптамалық қорытындысы негізінде бір реттен асырмай жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 54-1-тармақпен толықтырылсын:

«54-1. Орындалу мерзімі үш айдан асатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының мерзімін қайта ұзарту туралы ұсынысты орындаушы мемлекеттік орган (ұйым), ал егер Үкіметтің өкілеттігі қозғалған жағдайда – Премьер-Министрмен (оның міндетін атқарушы адаммен) немесе оның орынбасарымен келіскеңнен кейін, Президент Әкімшілігіне орындалу мерзімі аяқталғанға дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшесі осы ұсыныс түсken сәтten бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалмау себептерін анықтау мәселесі бойынша тексеру жүргізеді және оның қорытындысы бойынша сараптамалық қорытынды дайындайды.»;

57-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) бұрын берілген тапсырманы қамтитын (қайталайтын) Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа тапсырмасы;»;

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің және/немесе тапсырмаларының тармақтарын бақылаудан алуды орындаушы мемлекеттік органның (ұйымның), ал егер Үкіметтің өкілеттігі қозғалған жағдайда – Премьер-Министрмен (оның міндетін атқарушы адаммен) немесе оның орынбасарымен келіскеңнен кейін Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесінің сараптамалық қорытындысы не Президент Әкімшілігінің жауапты лауазымды адамдарының бұрымшамаларымен ресімделген оның келісімі не кол қойылған Заның, Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметтің қабылданған актісі негізінде Қазақстан Республикасының Президенті, Президент Әкімшілігінің Басшысы немесе Президент Әкімшілігі Басшысы уәкілеттік берген орынбасары жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 62-1-тармақпен толықтырылсын:

«62-1. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мән тапсырмаларының орындалу барысы туралы мәселелер жартышқылда кемінде бір рет Үкімет отырысында, мемлекеттік органдардың алқа отырыстарында және ұйымдардың жиналыстарында қаралады.»;

66 және 67-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Тоқсанның соңғы айынын 30-күніне дейін мемлекеттік органдар Президент Әкімшілігіне мониторингтің нәтижелері туралы акпарат және қажет болған жағдайда, тиісті жарлыктарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не олардың күші жойылды деп тану туралы ұсыныстар жібереді.

67. Жарлыктарға мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, берілетін ақпаратқа қойылатын талаптар, сондай-ақ жарлыктарға мониторинг жүргізу мәселелері бойынша Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері мен жарлыктардың әзірлеушілері болып табылатын мемлекеттік органдардың өзара іс-кимыл жасау тәртібін Президент Әкімшілігінің Басшысы бекітеді.»;

осы Жарлыққа қосымшага сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. Назарбаев



Астана, Акорда, 2012 жылғы 8 сәуір

№ 295

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 8 сәуірдегі
№ 295 Жарлығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің актілері мен
тапсырмаларының жобаларын
дайындау, келісу, кол қоюға
ұсыну, Қазақстан Республикасы
Президентінің актілері мен
тапсырмаларының орындалуын
бақылауды жүзеге асыру
және Қазақстан Республикасы
Президентінің нормативтік
құқықтық жарлықтарына
мониторинг жүргізу ережесіне
1-1-ҚОСЫМША

КЕЛІСІЛДІ

20 ____ жылғы _____ № _____

БЕКІТЕМІН

20 ____ жылғы _____ № _____

Ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (Жол картасы)

Құжаттың түрі:

Тапсырманың мазмұны:

Аралық бақылау мерзімі:

Сонғы орындау мерзімі:

Жаупты орындаушы мемлекеттік орган:

№	Іс-шараның атауы	Жаупты орындаушы (бірлесіп орындаушы)	Аяқта-лу нысаны	Орында-лу мерзімі	Орындалу индика-торлары	Әкімшіліктің бақылауға жаупты құрылымдық бөлімшесі
---	------------------	---------------------------------------	-----------------	-------------------	-------------------------	--

1-кезең. Ұйымдастыру-дайындық жұмыстары

1						
2						

2-кезең. Практикалық іске асыру

1						
---	--	--	--	--	--	--

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

УКАЗ

Подлежит опубликованию
в Собрании актов Президента и
Правительства Республики Казахстан

**О внесении изменений и дополнений в указы
Президента Республики Казахстан от 11 марта 2008 года № 552
«Об утверждении Положения об Администрации Президента Республики
Казахстан» и от 27 апреля 2010 года № 976 «Об утверждении Правил
подготовки, согласования, представления на подпись проектов актов и
поручений Президента Республики Казахстан, осуществления контроля за
исполнением актов и поручений Президента Республики Казахстан и
проведения мониторинга нормативных правовых указов
Президента Республики Казахстан»**

ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Внести изменения и дополнения в следующие указы Президента Республики Казахстан:

1) в Указ Президента Республики Казахстан от 11 марта 2008 года № 552 «Об утверждении Положения об Администрации Президента Республики Казахстан» (САПП Республики Казахстан, 2008 г., № 12-13, ст. 116; 2009 г., № 24-25, ст. 207; 2010 г., № 51, ст. 466; 2011 г., № 10-11, ст. 125; № 52, ст. 710):

в Положении об Администрации Президента Республики Казахстан, утвержденном вышеназванным Указом:

в пункте 32:

подпункт 1) дополнить абзацем вторым следующего содержания:

«заместителям Премьер-Министра Республики Казахстан;»;

дополнить частью второй следующего содержания:

«Полномочиями, предусмотренными подпунктами 1), 2), 3), 4), 5), 6) и 7) настоящего пункта, обладает Руководитель Администрации.»;

часть вторую изложить в следующей редакции:

«Полномочиями, предусмотренными подпунктами 1), 2), 3), 4), 5), 6) и 7) настоящего пункта, за исключением абзаца второго подпункта 1), обладают:

заместители Руководителя Администрации, Секретарь Совета Безопасности, Председатель Высшего Судебного Совета, помощники Президента, начальник Канцелярии Президента, советники Президента.»;

2) в Указ Президента Республики Казахстан от 27 апреля 2010 года № 976 «Об утверждении Правил подготовки, согласования, представления на подпись проектов актов и поручений Президента Республики Казахстан, осуществления контроля за исполнением актов и поручений Президента Республики Казахстан и проведения мониторинга нормативных правовых указов Президента Республики Казахстан» (САПП Республики Казахстан, 2010 г., № 28, ст. 215):

в Правилах подготовки, согласования, представления на подпись проектов актов и поручений Президента Республики Казахстан, осуществления контроля за исполнением актов и поручений Президента Республики Казахстан и проведения мониторинга нормативных правовых указов Президента Республики Казахстан, утвержденных вышеназванным Указом:

пункт 17 дополнить частью третьей следующего содержания:

«При этом, в случае отсутствия возражений, по проекту акта Президента Республики Казахстан не требуется подготовка экспертных заключений структурными подразделениями Администрации Президента, являющимися соисполнителями, результаты экспертизы которых оформляются визами ответственных должностных лиц Администрации Президента на проекте акта Президента Республики Казахстан.»;

пункт 34 изложить в следующей редакции:

«34. Администрация Президента обеспечивает рассмотрение проекта поручения Президента Республики Казахстан в течение пяти рабочих дней со дня его поступления, в том числе на предмет его соответствия пункту 28 настоящих Правил, а также исключения дублирования его с ранее данными Президентом поручениями, и, в случае положительного заключения, вносит на подпись Президенту Республики Казахстан. В случае отрицательного заключения наряду с замечаниями при необходимости указываются конкретные предложения и механизмы к решению поставленных вопросов.»;

дополнить пунктами 46-1, 46-2, 46-3 и 46-4 следующего содержания:

«46-1. В случае, когда исполнение актов и поручений Президента Республики Казахстан возлагается на два и более государственных органа в рамках их компетенции, а также направлено на формирование и реализацию новых либо изменение имеющихся подходов, норм и правил в какой-либо отрасли/сфере/регионе, которые носят комплексный и межведомственный характер со сроком исполнения свыше шести месяцев:

1) ответственное структурное подразделение Администрации Президента в течение семи рабочих дней разрабатывает концепцию исполнения актов и поручений Президента Республики Казахстан и при необходимости согласует с государственным органом-исполнителем;

2) на основании концепции исполнения актов и поручений Президента Республики Казахстан государственный орган–исполнитель в течение десяти рабочих дней после утверждения концепции разрабатывает план организационных мероприятий (дорожная карта) по форме согласно приложению 1-1 к настоящим Правилам.

При этом план организационных мероприятий (дорожная карта) не разрабатывается по актам и поручениям Президента Республики Казахстан, реализация которых осуществляется в порядке, установленном законодательством.

46-2. План организационных мероприятий (дорожная карта) содержит порядок действий государственного органа-исполнителя и соисполнителей с определением сроков исполнения, а также с указанием целевых и качественно-количественных показателей результатов исполнения акта или поручения Президента Республики Казахстан.

План организационных мероприятий (дорожная карта), разработчиком которого является центральный государственный орган, непосредственно подчиненный и подотчетный Президенту Республики Казахстан или не входящий в структуру Правительства, утверждается его первым руководителем после согласования с Администрацией Президента, а также с Премьер-Министром (лицом, исполняющим его обязанности) или уполномоченным им должностным лицом, в случаях, если план организационных мероприятий (дорожная карта) затрагивает полномочия Правительства.

План организационных мероприятий (дорожная карта), разработчиком которого является иной центральный или местный исполнительный орган (организация), утверждается Премьер-Министром (лицом, исполняющим его обязанности) или уполномоченным им заместителем Премьер-Министра после согласования с Администрацией Президента.

46-3. В случае принятия плана организационных мероприятий (дорожной карты) не требуется утверждение государственными органами планов организационных мероприятий по реализации актов и поручений Президента Республики Казахстан, предусмотренных пунктом 47 настоящих Правил.

46-4. Порядок составления и требования к содержанию концепции исполнения актов и поручений Президента Республики Казахстан и плана организационных мероприятий (дорожной карты) определяются Администрацией Президента.»;

пункт 47 изложить в следующей редакции:

«47. В случае отсутствия плана организационных мероприятий (дорожной карты) решением первого руководителя государственного органа-исполнителя (организации) при необходимости утверждается план организационных мероприятий по реализации актов и поручений Президента Республики Казахстан.»;

дополнить пунктом 47-1 следующего содержания:

«47-1. При составлении плана организационных мероприятий по исполнению актов и поручений Президента Республики Казахстан, исполнителем которого является Правительство, предусматривается координация их исполнения соответствующим заместителем Премьер-Министра.»;

дополнить пунктом 49-1 следующего содержания:

«49-1. Должностные лица государственных органов-соисполнителей (организаций), указанные в пункте 39 настоящих Правил, несут персональную ответственность за некачественное и несвоевременное исполнение актов и поручений Президента Республики Казахстан.»;

дополнить пунктами 50-1 и 50-2 следующего содержания:

«50-1. Информация, направляемая Правительством о ходе реализации актов и поручений Президента Республики Казахстан в Администрацию Президента, подписывается соответствующим заместителем Премьер-Министра или Руководителем Канцелярии Премьер-Министра по поручениям, адресованным им Президентом Республики Казахстан либо Руководителем Администрации Президента.

50-2. Итоговая информация, направляемая Правительством Президенту Республики Казахстан о состоянии исполнения актов и поручений Президента Республики Казахстан, подписывается Премьер-Министром (лицом, исполняющим его обязанности) либо его заместителем.»;

пункт 51 изложить в следующей редакции:

«51. Отчетная информация о ходе реализации стратегических и программных документов представляется в Администрацию Президента по форме и в сроки, определенные Указом Президента Республики Казахстан от 4 марта 2010 года № 931 «О некоторых вопросах дальнейшего функционирования Системы государственного планирования в Республике Казахстан.»;

пункты 52 и 53 изложить в следующей редакции:

«52. В случае, если пункты актов и/или поручений Президента Республики Казахстан не могут быть выполнены в установленный срок, то руководитель государственного органа-исполнителя (организации), а в случаях, если затрагиваются полномочия Правительства – после согласования с Премьер-Министром (лицом, исполняющим его обязанности) или его заместителем не позднее установленного срока вносит письмо в Администрацию Президента с указанием текущего состояния исполнения, аргументированным обоснованием необходимости продления срока исполнения либо его перевода на среднесрочный или долгосрочный контроль. При этом указываются конкретный срок исполнения, ответственные политические государственные служащие государственного органа-исполнителя, а также государственных органов-соисполнителей и должностные лица организаций.

53. Продление сроков исполнения пунктов актов и/или поручений Президента Республики Казахстан либо их перевод на среднесрочный или долгосрочный контроль допускаются не более одного раза по решению Президента Республики Казахстан или Руководителя Администрации Президента на основании экспертного заключения структурного подразделения Администрации Президента.»;

дополнить пунктом 54-1 следующего содержания:

«54-1. Предложение о повторном продлении актов и поручений Президента Республики Казахстан со сроком исполнения свыше трех месяцев вносится в Администрацию Президента государственным органом-исполнителем (организацией), а в случаях, если затрагиваются полномочия Правительства – после согласования с Премьер-Министром (лицом, исполняющим его обязанности) или его заместителем не позднее пятнадцати рабочих дней до истечения срока его исполнения.

Ответственное структурное подразделение Администрации Президента не позднее десяти рабочих дней с момента поступления данного предложения проводит проверку по вопросу выяснения причин неисполнения актов и поручений Президента Республики Казахстан и по её результатам готовит экспертное заключение.»;

пункт 57 дополнить подпунктом 1-1) следующего содержания:

«1-1) новое поручение Президента Республики Казахстан, охватывающее (дублирующее) ранее данное поручение;»;

пункт 59 изложить в следующей редакции:

«59. Снятие с контроля пунктов актов и/или поручений Президента Республики Казахстан осуществляется Президентом Республики Казахстан, Руководителем Администрации Президента или уполномоченным им заместителем Руководителя Администрации Президента по предложению государственного органа-исполнителя (организации), а в случаях, если затрагиваются полномочия Правительства – после согласования с Премьер-Министром (лицом, исполняющим его обязанности) или его заместителем на основании экспертного заключения структурного подразделения Администрации Президента либо его согласия, оформленного визами ответственных должностных лиц Администрации Президента, либо подписанного Закона, принятого акта Президента Республики Казахстан или Правительства.»;

дополнить пунктом 62-1 следующего содержания:

«62-1. Вопросы о ходе исполнения актов и поручений Президента Республики Казахстан не реже одного раза в полугодие рассматриваются на заседании Правительства, коллегиях государственных органов и совещаниях организаций.»;

пункты 66 и 67 изложить в следующей редакции:

«66. До 30 числа последнего месяца квартала государственные органы направляют в Администрацию Президента информацию о результатах

мониторинга и, в случае необходимости, предложения о внесении в соответствующие указы изменений и (или) дополнений либо признании их утратившими силу.

67. Методические рекомендации по проведению мониторинга указов, требования к представляемой информации, а также порядок взаимодействия структурных подразделений Администрации Президента и государственных органов, являющихся разработчиками указов, по вопросам мониторинга указов утверждаются Руководителем Администрации Президента.»;

дополнить приложением 1-1 согласно приложению к настоящему Указу.

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент
Республики Казахстан**

Н.Назарбаев



Астана, Акорда, 8 апреля 2012 года

№ 295

ПРИЛОЖЕНИЕ
к Указу Президента
Республики Казахстан
от 8 апреля 2012 года
№ 295

ПРИЛОЖЕНИЕ 1-1
к Правилам подготовки,
согласования, представления на
подпись проектов актов и
поручений Президента Республики
Казахстан, осуществления
контроля за исполнением актов и
поручений Президента Республики
Казахстан и проведения
мониторинга нормативных
правовых указов Президента
Республики Казахстан

СОГЛАСОВАНО

УТВЕРЖДАЮ

20__ года №_____

20__ года №_____

**План организационных мероприятий
(дорожная карта)**

Вид документа:

Содержание поручения:

Промежуточный срок контроля:

Конечный срок исполнения:

Ответственный госорган -
исполнитель:

№	Наименование мероприятия	Ответственный исполнитель (соисполнитель)	Форма завершения	Срок исполнения	Индикаторы исполнения	Ответственное за контроль структурное подразделение Администрации
Этап 1. Организационно-подготовительная работа						
1						
2						
Этап 2. Практическая реализация						
1						